

"Туғаннан үш жасқа дейінгі жетім балаларға, ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларға, туғаннан төрт жасқа дейінгі психикалық және физикалық дамуы бұзылған балаларға арналған денсаулық сақтау ұйымдарының қызметі туралы ережені бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің 2024 жылғы 15 ақпандығы № 85 бұйрығына толықтыру енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің 2024 жылғы 22 шілдедегі № 469 бұйрығы

"Құқықтық актілер туралы" Қазақстан Республикасының Заңы 65-бабының З-тармағына сәйкес БҰЙЫРАМЫН:

1. "Туғаннан үш жасқа дейінгі жетім балаларға, ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларға, туғаннан төрт жасқа дейінгі психикалық және физикалық дамуы бұзылған балаларға арналған денсаулық сақтау ұйымдарының қызметі туралы ережені бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің 2024 жылғы 15 ақпандығы № 85 бұйрығына мынадай толықтыру енгізілсін:

көрсетілген бұйрыққа қосымшада:

7-тармақ мынадай мазмұндағы 6) тармақшамен толықтырылсын:

"6) балалар саны (қоса алғанда) 10-нан аспайтын Қазақстан Республикасы Әлеуметтік Кодексінің 1-бабы 1-тармағының 124-1) және 124-2) тармақшаларына сәйкес өмірдегі қыын жағдайдағы отбасылардың туғаннан бастап үш жасқа дейінгі балаларға арналған күндізгі болу бөлімшесі (тобы).".

2. Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің Ана мен бала денсаулығын сақтау департаменті Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен:

1) Осы бұйрық қабылданған күннен бастап күнтізбелік бес күн ішінде оның көшірмесін электрондық түрде қазақ және орыс тілдерінде Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкіне ресми жариялау және енгізу үшін Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің "Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнына жіберуді;

2) Осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің Интернет-ресурсында орналастыруды;

3) Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің Заң департаментіне осы тармақтың 1) және 2) тармақшаларында көзделген іс-шаралардың орындалуы туралы мәліметтерді ұсынуды қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау вице-министріне жүктелсін.

4. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін құнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Министр*

*A. Әлназарова*

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК